

**Зеренді ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері және қағидаларын бекіту туралы**

Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 36-275 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 желтоқсанда № 37511 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Зеренді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зеренді ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері және қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Зеренді аудандық мәслихатының төрағасы*

*Р.Габдуллина*

Зеренді аудандық  
мәслихатының

2025 жылғы 24 қарашадағы  
№ 36-275 шешіміне  
қосымша

**Зеренді ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері және қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 5)

тармақшасына сәйкес әзірленді және Зеренді ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына (бұдан әрі - мамандар) бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы шот – банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік шот шарты негізінде ашылатын банктік шот;

2) коммуналдық көрсетілетін қызметтер – тұтынушыға ұсынылатын, қауіпсіз және жайлы тұру (болу) жағдайларын қамтамасыз ету үшін сумен жабдықтауды, су бұруды, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқыс әкетуді, лифтілерге қызмет көрсетуді қамтитын қызметтер.

3. Әлеуметтік қолдауды тағайындау уәкілетті орган – "Зеренді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдармалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - ММ) жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету мөлшері және тәртібі**

4. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау мемлекеттік ұйымдардың мамандарына өтініш талап етпестен, мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары бекіткен жиынтық тізімнің (бұдан әрі – тізім) негізінде бюджет қаражаты есебінен, ақшалай нысанда, мамандардың ағымдағы шоттарына екінші деңгейдегі банктер, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті банк операцияларын жүргізуге лицензиясы бар ұйымдар, сондай - ақ "Казпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері арқылы аудару жолымен жүзеге асырылады.

5. Мамандарға әлеуметтік қолдау күнтізбелік жыл ішінде бір рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

6. Әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған шығыстарды қаржыландыру ағымдағы қаржы жылына арналған Зеренді ауданының бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

7. Мамандарға коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету туралы шешім қабылдау мерзімі тізім келіп түскен күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күнін құрайды.

8. ММ қызметкері мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының ұсынған тізімдерін 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 және 74 -баптарына сәйкес мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшылары ұсынған тізімдер талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, ММ алдын ала шешім туралы, әлеуметтік қолдау көрсетуден бас тарту, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша өз ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тындау өткізілетін уақыт пен орны (немесе өткізу тәсілі) туралы мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын хабардар етеді.

Тізімдерді қарау нәтижелері бойынша ескертулер болмаған жағдайда ММ оң шешім қабылдайды және мамандардың ағымдағы шоттарына коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау төлемдерін көрсетеді.